

БАУ-БАҚША ӨСІМДІКТЕРІ





ДҮНИЕСІ: ӨСІМДІКТЕР – PLANTAE

БӨЛІМІ: ГҮЛДІ ӨСІМДІКТЕР – ANGIOSPERMS

КЛАСС: ҚОСЖАРНАҚТЫЛАР – MAGNOLIOPSIDA

ОТРЯД: РАУШАНГҮЛДІЛЕР – ROSALES

ТҰҚЫМДАСЫ: РАУШАНГҮЛДІЛЕР – ROSACEAE

ТУЫСЫ: АЛМҰРТ – PYRUS

ТҮРІ: КӘДІМГІ АЛМҰРТ – P. COMMUNIS

Сипаттама: Алмұрт көп күтімді қажет етпейді, жылу сүйгіш, суыққа төзімсіз ағаш. Биікт. 10-12 м болады. Бұтақ шоғырының аумағы жалпақ, пирамида тәрізді. Жапырағы жұмыртқа пішінді, түксіз, жылтыр. Гүлі ақ, қызғылт, сарғыш, кейде қызыл түсті, гүлтабақшасына шоғырланған. Жемісі — сары, жасыл не қызғылт түсті сопақша келеді. Салм. 20-300 гр-дай. Алмұрт отырғызылғаннан кейін 4-5 жылда жеміс бере бастайды, 40-50 жылдай өседі.

Таралуы: Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарында өсіріледі.

Қолданылуы: Алмұрт қантқа, органикалық қышқылдарға, ферменттерге, өзектерге, илік, азотты және пектинді заттарға, С, В1, Р, РР дәрумендеріне, каротинге, сонымен қатар йод, калий, мырыш, магний, кремний, темір, флавоноидтарға бай. Емдік мақсатта жаңа піскен немесе кептірілген жемісін және жапырақтарын пайдаланады. Алмұрттың құрамындағы арбутин деген антибиотик микробтарды жояды.

Сілтеме: <https://kk.wikipedia.org/wiki/Алмұрт>

Қиланбекова Айкөркем





БӨЛІМІ: ГҮЛДІ ӨСІМДІКТЕР – MAGNOLIOPHYTA
КЛАСС: ҚОС ЖАРНАҚТЫЛАР – DICOTYLEDONEAE
ҚАТАР: ЖҮЗІМ - ROSANEA
ТҰҚЫМДАС: ЖҮЗІМ ТЕКТЕС - VITOIDEAE
ТУЫС: ЖҮЗІМ - VITIS
ТҮР: ДАҚЫЛДЫҚ ЖҮЗІМ – VITIS VINIFERA

Сипаттамасы: Жүзім –жүзім тұқымдасына жататын өсімдіктердің жемісі. Жүзімнің 70-ке жуық түрі бар. Қазақстанда дақылдық Жүзім (*V. vinifera*) өсіріледі. Жүзім – шырмалып өсетін жүзімділер тұқымдасы, 70-ке жуық түрі бар. Зерттеушілер тұқымын тауып, 60 миллион жыл бұрын, яғни жер бетіне адамдар болмаған кезде жабайы жүзім болғандығын дәлелдеген. Қазіргі кезде 4000-нан аса мәдени түрі тропикалық және субтропикалық аймақтарда өседі. Жүзім өзінің жақсы қалыптасқан тамыр жүйесімен ерекшеленеді. Сабақтарынан өсіп шығатын мұртшалары арқылы жүзім шырмалып өседі. Жапырақтары ірі, 3-5 салалы болады. Гүлі ұсақ, жасыл түсті. Жемісі шырынды, ішінде 1-4-ке дейін сүйекшелері болады.

Таралуы: Оңтүстік Қазақстанн, Алматы, Жамбыл облыстарында суармалы жерлерде, Талдықорған облысы, Шымкент облысы, Қызылорда және Гурьев облыстарында таралған.

Қолданылуы: Жүзімнің жас тамырын (30 г) 2 литр суға салып қайнатып, шашты жуса, қайызғақты кетіреді, құйқа терісі тазарады, шаш жақсы өседі. Көктемде сабағын кесіп, шырынын бетке жағып, ондағы қара дақтар мен секпілді кетіреді. Шырынын мол етіп жинап, күніне 3 рет ішсе (бір шай қасықпен), бауырды жазады, оның күіп, сыздағанын басады. Ұзынша келген ақ жүзім бауыр, көк бауырды жазып, қан қысымын төмендетеді.

Сілтеме: <https://kk.m.wikipedia.org>





ДҮНИЕ: ӨСІМДІКТЕР PLANTAE

БӨЛІМ: ЖАБЫҚ ТҰҚЫМДЫЛАР MAGNOLIOPHYTA

КЛАСС: ҚОС ЖАРНАҚТЫЛАР MAGNOLIOPSIDA

ТҰҚЫМДАС: ЖҮЗІМ VITIS

ТУЫС:ЖАБАЙЫ ЖҮЗІМ VITIS VINIFERA

ТҮР:ДАҚЫЛДЫҚ ЖҮЗІМ VITIS

Сипаттамасы: Жүзім (лат. *Vitis*) – жүзім тұқымдасына жататын өсімдіктердің жемісі. Жүзімнің 70-ке жуық түрі бар. Қазақстанда дақылдық Жүзім (*V. vinifera*) өсіріледі. Діңі – шырмауық тәрізді оралып өсетін өсімдік. Көп жылдық жүзім сабақтары жуан, ал бір жылдықтары ұзын (3 – 5 м), жіңішке болып келеді. Жапырағы кезектесіп орналасқан, бүтін жиекті не тілімделген. Гүлі ұсақ, жасыл түсті. Гүлшоғыры сыпыртқы тәрізді. Айқас (жәндіктермен не желмен) немесе өздігінен тозаңданады. Жемісі – жидек..

Қолданылуы: Дәнінен тағамдық және техникалық май алынады. Өнделген Жүзімнен шарап, коньяк, шампан, сығынды қалдықтарынан этил спирті, сірке суы, шарап қышқылдары, т.б. заттар алынады. Піскен Жүзім жемісі адамның ас сіңіруін жақсартып, зат алмасуын тездетеді. Жүзім ағзаны холестериннен тазартады. Медицинада гемоглобинді көтеру үшін, қан аздыққа, бүйрек, жүрек, жүйке ауруларына қарсы, бронхит кезінде жөтел мен қақырық шығару үшін қолданады. Жүзім шырыны несеп және өт айдау үшін қолданылады. Қазіргі кезде ғалымдар жүзім сүйегінің қатерлі ісіктерге қарсы ем болатынын дәлелдеуде.

Таралуы: Көп өсірілетін аймағы негізінен – Кіші Азия. Жүзімдіктер, негізінен, Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Жамбыл облыстарында суармалы жерлерде орналасқан. Елімізде жүзімнің 28 сұрпы аудандастырылған (оның ішінде 12 сұрпы – асханалық, 2 сұрпы – әмбебап, 14 сұрпы – техникалық). Жалпы жүзімдіктер көлемінің 75%-ын тех. сұрыптар құрайды. Ең көп тараған сұрыптар: ркацители жүзімі, саперави жүзімі, рислинг жүзімі, т.б.

Сілтемесі: https://kk.wikipedia.org/wiki/Жүзім_шаруашылығы

Сайлау Райымбек





БӨЛІМ: ЖАБЫҚ ТҰҚЫМДЫЛАР - MAGNOLIOPHYTA

КЛАСС: ҚОСЖАРНАҚТЫЛАР – DICOTYLEDONEAE

ҚАТАР: РОЗИДТЕР – ROSALES

ТҰҚЫМДАС: РАУШАНГҮЛДІЛЕР – ROSACEAE

ТҰҚЫМДАС ТАРМАҒЫ: АЛМАЛАР – POMOIDEAE

ТУЫС: АЛМА- MALUS

ТҮР: СИВЕРС АЛМАСЫ- MALUS SIEVERSI


Сипаттамасы: Раушангүлділер тұқымдасына жататын, өте кең тараған ағаштарының жемісі. Табиғи алманың жер шарында бізге 36 түрі белгілі, олардың 10-12-сі шаруашылықты маңызы бар. Қазақстанда негізінен, Сиверс алмасы, қырғыз алмасы өседі. Алманың жаздық, күздік, қыстық сұрыптары бар. Алма ағашының өмір сүру ұзақтығы 20-100 жыл, биіктігі 4-10 м болады. 3-12 жылда жеміс береді, әр гектардан шамамен 100-300ц өнім алынады.

Таралуы: Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік шығысындағы тау сілемдерінде (Тарбағатай, Жоңғар, Іле, Талас Алатауларында, Кетпентау, Қаратау, Қырғыз, Уғам жоталары, Қаржантау) кездеседі.

Қолданылуы: Алма құрамында су, қант, қышқыл А,В1,В2,В6,С,РР витаминдері, көптеген минералды заттар бар. Алма шырыны адам организмін ауыр металдардан тазартуға, қан бұзылуы және жүрек ауруларын емдеуге қолданылады. Алма жемісінен шырын, тосап, компот, джем, қақ жасалады. Сондай-ақ тамақ, кондитер және иіс су өнеркәсібінде қолданылады. Алманы күнделікті тағамғағ салаттарға қосып пайдаланады.

Сілтемесі: oldconf.neasmo.org. kk.wikipedia.org. Дарбаева Т.Е. Өсімдіктер систематикасы (Орал-2007ж 56-58бет)





БӨЛІМ: ЖАБЫҚ ТҰҚЫМДЫЛАР – MAGNOLIOPHYTA

КЛАСЫ: ҚОС ЖАРНАҚТЫЛАР - RICOTYLEDONEAE

ҚАТАР: АЛҚАЛАР - SOLANALES

ТҰҚЫМДАС: АЛҚАЛАР - SOLANACEAE

ТУЫС: SOLANUM

ТҮРІ: SOLANUM MELONGENA - БАКЛАЖАН

Сипаттама: Баклажанның тамыры шашақты жемісі жұмыр, алмұрт не қияр тәріздес, қоңыр не қара күлгін түсті, салмағы 0,4 — 1 кг. Тұқымы ұсақ (үз. 2 — 4 мм), жалпақ, сарғыш келеді. Баклажан жылу және ылғал сүйгіш өсімдік. Оның өсіп-жетілуі үшін ең қолайлы температура 20 — 30°C, топырақ ылғалдылығы 80%. Баклажан маусым — шілде айларында гүлдейді, шілде — тамыз айларында жеміс береді. Ең көп тараған сорттары: "Деликатес-163", "Донской-14", «Симферополь-105», "Консервный-10", т.б. Баклажан негізінен көшет арқылы өсіріледі. Көшеттер егістікке қашықтығы 35 — 40 см, қатар аралығы 70 см болатындай етіп отырғызылады.

Таралуы: Жабайы түрі Оңтүстік-Шығыс Азияда (Үндістан, Бирма, т.б.) кездеседі. Қазақстанның оңтүстік облыстарында өсіріледі.

Қолданылуы: Топырақты қопсыту, арам шөп отау, суару, үстеп қоректендіру, өсімдік кеселдері мен зиянкестерін құрту жұмыстары жүргізіледі. Баклажанның зиянкестері: дала қандаласы, бұзаубас, т.б., аурулары: шірік, фитофтора т.б. Б. Еуропа елдерінде ертеден дәрілік мақсатта пайдаланылып келген, тек 18 ғасырдан бастап тағамға пайдаланылды. Медицинада бауыр ауруын емдеуге, қандағы холестеринді азайту үшін қолданылады.

Сілтеме: www.google.kz





БӨЛІМ: ЖАБЫҚ ТҰҚЫМДЫЛАР – MAGNOLIOPHYTA
КЛАСЫ: ҚОС ЖАРНАҚТЫЛАР – DICOTYLEDONEAE
ҚАТАР: РОЗИДТАР – ROSALES
ТҰҚЫМДАС: РАУШАНГҮЛДІЛЕР – ROSACEAE
ТУЫСЫ: ШИЕ – PRUNUS
ТҮРІ: ДАЛАЛЫҚ ШИЕ – PRUNUS FRUTICOSA

Сипаттама: Раушангүлділер тұқымдасы шие туысына жататын көп жылдық бұта. Биіктігі — 0,2-1, кейде 2 м, өте жиі өскен бұтақтары бөрік баса тығыз орналасады. Өркендері шыбық тәрізді жіңішке, жас кезінде түкті, өсе келе түктері түсіп қалады. Жапырағы ұзынша келген, үстіңгі беті күрең жасыл, жылтыр, астыңғы жағы ақшыл. Ақ гүлі қос жынысты, 3-4 - тен топталып шатырша гүлшоғына жиналған. Сәуір-мамырда гүлдеп, шілдеде жемісі піседі. Жемісі — шырынды, сүйекті, диаметрі 8—12 мм-дей. Жемісі жеуге жарамды, түрлі сусындар дайындауға пайдаланады.

Таралуы: Қазақстанның далалы, орманды далалы аймақтары мен жалпақ жапырақты ағаш ормандарында, әсіресе, Тобыл, Есіл, Ертіс өзендерінің арнасы мен жағасында өседі.

Қолданылуы: Далалық шие ағашының жемісі өте пайдалы әрі тәтті. Далалық шие қантқа, органикалық қышқылдарға, ферменттерге, илік, азотты және пектинді заттарға, С, В, РР дәрумендеріне, каротинге, сонымен қатар минералдар мен кальций, темір, фосфор, магний, калий мен микроэлементтерге бай, әсіресе, мыстың мөлшері көп. Шиені медицинада гемоглобинді көтеру, қан тоқтату, суық тигенде ыстықты басуға, іш тоқтатуға, қан аздыққа, жүйке ауруларына, бронхитта жөтел мен қақырық шығаруға қолданады. Далалық шиеден шырын, тосап, компот, джем, шәрбәт жасайды. Далалық аспаздықта түрлі десерттер жасауға қолданылады.

Сілтеме: Дарбаева Т.Е Өсімдіктер систематикасы. «Орал» 2007, 51 – 52 бет. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

Қазақ тілі терминдер сөзді, I-том

Аманғалиева Қарлығаш





ДҮНИЕСІ: ӨСІМДІКТЕР- *PLANTAE*

БӨЛІМІ: ГҮЛДІ ӨСІМДІКТЕР- *MAGNOLIOPHYTA*

КЛАСЫ: ҚОС ЖАРНАҚТЫЛАР- *MAGNOLIOPSIDA*

ТҰҚЫМДАСЫ: АЛАБОТА-*CHENOPODIACEAE*

ТУЫСЫ: ҚЫЗЫЛША-*BETA*

ТУРІ: ҚАНТ ҚЫЗЫЛША- *BETA VULGARIS*

Сипаттамасы: Қант қызылшасы (*Beta vulgaris*) — қызылша туысына жататын екі жылдық бағалы техникалық дақыл. Бірінші жылы оның қоректік заттары бар тамыры мен жапырақ шоғы өседі. Осы жылғы өсу кезеңінің ұзаقت. 150 – 170 күн. Екінші жылы топыраққа отырғызылған қант қызылшасының жемісінен гүл шашатын сабақ және тұқым пайда болады. Екінші жылғы өсу кезеңінің ұзаقت. 100 – 125 күн. Қант қызылшасы – құнарлы мал азықтық дақыл.

Таралуы: Қазақстанда қант қызылшасы Жамбыл, Алматы облыстарының суғармалы жерлерінде өсіріледі. 1991 жылдан Қазақстанда қант қызылшасының бір тұқымды жаңа сорттары аудандастырылып, себілді. Қант қызылшасын бір танапта ұзақ жылдар бойы ауыстырмай сепкенде, оның зиянкес жұмыр құрты мен тамыр биті көбейеді.

Қолданылуы: Оның пәлегін (жапырағы мен сабағын) 3-тта өңдегеннен кейінгі қалған қалдықтардан сірне, сығынды мал азығы даярланады. Қант қызылшасының түсімінің 40%-ы пәлегінің үлесіне тиеді. Осы сығындының 100 кг-ында 80 мал азықтық өлшем және 3,6 кг қорытылғыш протеин бар. Қант қызылшасы тамақ өнеркәсібінде қант алу үшін пайдаланылады, өйткені оның тамыр жемісінде 17 – 19%-дай қант болады. Қант қызылшасы – жылу сүйгіш өсімдік. Қант қызылшасының тұқымы қант 3-ттарында дайындалады. Мұнда тазаланған тұқым 2 фракцияға (3,5 – 4,5 мм және 4,5 – 5,5 мм) бөлінеді.

Сілтемелер: 1. Қазақстан Республикасының табиғаты 3 том, 2 бөлім 171-172 бет Құдайбергенова Жазира





БӨЛІМІ: ГҮЛДІ ӨСІМДІКТЕР-MAGNOLIPHYTA

КЛАСС: ҚОС ЖАРНАҚТЫЛАР-DICOTYLEDONEAE

ҚАТАР: АСҚАБАҚТАР ҚАТАРЫ-CURCUBITAE

ТҰҚЫМДАСЫ: АСҚАБАҚТАР ТҰҚЫМДАСЫ-CURCUBITACEAE

ТУЫСЫ: АСҚАБАҚ -CURCUBITA

ТҮРІ: КӘДІМГІ АСҚАБАҚ-CURCUBITA PEPO

Сипаттама: Кәдімгі Асқабақтың қатарына кәді мен патиссон жатады. Асқабақ сабағының ұзындығы 2 – 10 м, жұмыр, түкті, бұтақты, жайыла өседі. Жапырағы – ірі, ұзынша қалемшелі, бүйрек пішіндес. Гүлі – қос жынысты, ірі, сарғыш түсті. Тарамдалған мұртшалары жанындағы өсімдіктерге оралады. Жемісі – жалған жидек, ірі, пішіні – дөңгелек, сопақша, түсі әр түрлі болады. Шырыны жұмсақ дәмді. Ірі жемісті Асқабақтың салмағы 40 – 50 кг-ға дейін тартады. Асқабақ жемісінің құрамында 15 – 18% құрғақ заттар, 8 – 10% сахароза, аскорбин қышқылы, каротин, тиамин, рибофлавин, т.б. болады.

Таралуы: Асқабақтар ылғалды және қоңыржай құрғақ Азия, Африка және Американың тропикаларында өседі. Қоңыржай климатты елдерде шектеулі түр сандары кездеседі, олар асқабақ, қияр, қауын сорттарының түрлерімен белгілі.

Қолданылуы: Көптеген асқабақтардың құрамында әртүрлі физиологиялық әсері бар кукурбитацин заты болады. Тұқымдас жемісі тамаққа қолданылатын бақшада өсетін түрлерімен бағалы. Өкілдері: қарбыз, қауын, асқабақ, люффа. Көкөністік өкілі – қияр. Асқабақтар тұқымдасы бағалы бау-бақшалық, тағамдық, сондай-ақ мал азықтық, дәрілік, сәндік өсімдіктер болып бөлінеді. Кейбір түрлерінің тұқымдарынан тағамдық және техникалық май алынады, ал кейбір түрлерінен арнайы ыдыстар (ожау, т.б.) жасалынады.

Сілтеме: 1. https://kk.wikipedia.org/wiki/Асқабақтар_тұқымдасы





ДҮНИЕСІ:ӨСІМДІКТЕР- PLANTS

БӨЛІМІ:ГҮЛДІ ӨСІМДІКТЕР- MAGNOLIOPHYTA

ТАБЫ:ҚОС ЖАРНАҚТЫЛАР- DICOTYLEDONEAE

ТҰҚЫМДАСЫ:АСҚАБАҚ ТҰҚ.-CUCURBITACEAE

ТЕГІ: ҚАРБЫЗ-CITRULLUS

Сипаттамасы:Қарбыз – асқабақ тұқымдасына жататын бір немесе көпжылдық өсімдік. Ең көп тараған бақша дақылдарының бірі. Дүниежүзінде 500-ден аса асханалық Қарбыз сорттары өсіріледі. Жапырақтары ірі, гүлдері ақсары түсті, сабағы төселмелі, ұзындығы 2 – 3 м-дей болады. Гүлі дара жынысты, бір үйлі, кейде екі үйлі. Түсі ақ, ала, қоңыр жасыл жолақты. Жемісі тәтті шырынды қызыл, қызғылт, күрең қызыл, сирегірек ақ және сарғыш болады. Қарбыздың салмағы 0,6 – 16 кг, құрамында 11% қант, витамин, т.б. заттар бар. Қарбыз – жылу сүйгіш, ыстыққа және құрғақшылыққа төзімді өсімдік, бірақ үсікке төзімсіз.

Таралуы: Жабайы түрі Африкада, Иранда, Орта Азияда, Ауғанстанда кездеседі. Қазақстанда Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облысы, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Алматы облыстарында көбірек өсіріледі.

Қолданылуы: Емдік мақсатқа Қарбыздың шырынды бөлігі мен қабығын және дәндерін пайдаланады. Қарбыздың тәтті бөлігі мен шырыны шөл басады, несеп жүргізеді. Дәндерінің қан тоқтататын және ішек құртын түсіретін қасиеті бар. Халық медицинасында Қарбыздың жемісін шемен мен сары ауруға қарсы қолданады.

Сілтемесі:↑ Шаңырақ : Үй-тұрмыстық энциклопедиясы. Алматы : Қаз.Сов.энцикл.Бас ред., 1990 ISBN 5-89800-008-9





БӨЛІМІ: ГҮЛДІ ӨСІМДІКТЕР - MAGNOLIOPHYTA

ТАБЫ: ҚОС ЖАРНАҚТЫЛАР - MAGNOLIOPSIDA

САБЫ: АСҚАБАҚ - CUCURBITALES

ТҰҚЫМДАСЫ: АСҚАБАҚ - CUCURBITACEAE

ТАЙПАСЫ: АСҚАБАҚ - BENINCASEAE

ТЕГІ: ҚАУЫН - CUCUMIS MELO

Сипаттама: Қауын (*Cucumis melo*) – асқабақ тұқымдасына жататын бір жылдық шөптесін өсімдік. Жапырағы ірі, кезектесіп орналасқан, жіңішке сабағы буындарға тарамданып, жер бетіне төселіп өседі. Гүлі сары, дара жынысты, қос жынысты түрі де кездеседі. Жемісі – көп тұқымды, жемісінің түсі де, пішіні де сортына байланысты әр түрлі болады. Қауын 25-30°С температурада жақсы өседі. Қауын сорттары мен түрлеріне қарай әңгелек, әміре, т.б топтарға бөлінеді.

Таралуы: Қауын жабайы түрде Оңтүстік-Батыс Азия мен Африкада өседі. Бұдан 2 мың жыл бұрын қауынды Кіші және Орта Азия жерінде мәдени дақыл ретінде өсіре бастаған. Қауынның Қазақстанда аудандастырылған сорттары: Іле, Ашық сары, Бұхара – 944.

Қолданылуы: Қауынның жемістері қайта өңделген күйде кеңінен қолданылады. Қауыннан бал, цукаттар, тосап, мармелад дайындайды. Дәндерінен жоғары сапалы тағамдық май өндіреді. Жемістерін туберкулез, бронхит, ревматизм ауруларында қолданады және жүрек-қан тамыр ауруларында, бүйрек пен бауырдың дерттерінде қолдану ұсынылады. Ежелден-ақ қауын шырынын ішек құрттарына қарсы ем ретінде, тамақ аурулары мен созылмалы жөтелге қарсы қолданады.

Сілтеме: <https://kk.m.wikipedia.org/wiki/Қауын>





БӨЛІМ: ЖАБЫҚ ТҰҚЫМДЫЛАР – MAGNOLIOPHYTA

КЛАС: ҚОС ЖАРНАҚТЫЛАР – DICOTYLEDONEAE

ҚАТАР: ТҮТІКШЕГҮЛДІЛЕР – TUBIFLORALES

ТҰҚЫМДАС: АЛҚАЛАР – SOLANACEAE

ТУЫС: ҚЫЗАНАҚ – LICOPERSICOM

ТҮРІ: КӘДІМГІ ҚЫЗАНАҚ – LICOPERSICOM ESCULENTUM

Сипаттама: Жемісі жеуге жарамды, біржылдық немесе екіжылдық шөптесін өсімдік. Гүлдері сары түсті. Жемісі – екі немесе көп ұялы жидек жеміс, қызыл немесе сары түсті. Сабағының биіктігі 30 - 40 сантиметрден жоғары. Жапырағы қауырсын тәрізді. Салмағы 25 – 500 грамм, кейде 800 – 900 граммға дейін жетеді. Қызыл – сарғыш жемісінің құрамында 4,5 – 8,1% құрғақ зат, 3,5 – 8,5% органикалық қышқыл, минералдық тұздар, С витамині, В, РР тобының витаминдері, каротин бар. Кәдімгі қызанақ жылу сүйгіш және құрғақшылыққа төзімді.

Таралуы: Кәдімгі қызанақ Қазақстанда кездесетін түрдің бірі. Республикамыздың Батыс Қазақстан, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар облыстарында өсіріледі.

Қолданылуы: Кәдімгі қызанақ адам организміне пайдалы витаминдерге бай, құрамында қышқыл, каротин бар. Ересек адамдарда жиі кездесетін көк тамыр қуысының тығындалып қабынуы (тромбофлебит) мен көк тамырдың кеңеюін (варикоз) емдеуде әсері зор. Сонымен қатар, шырынынан төменгі қышқылдықты, гастритті емдеуге пайдаланады.

Сілтеме: Дарбаева Т.Е Өсімдіктер систематикасы. «Орал» 2007, 71 – 71 бет.

«Қазақстан»: Ұлттық энциклопедиясы / бас редактор Ә.Нысанбаев 168-169 бет





БӨЛІМІ: TRACHEOPHYTES - ТҮТІКТІ

ТИПІ: ANGIOSPERMS - ЖАБЫҚТҰҚЫМДЫ

КЛАССЫ: MAGNOLIOPSIDA - ҚОСЖАРНАҚТЫЛАР

ОТРЯДЫ: CUCURBITALES - АСҚАБАҚГҮЛДЕР

ТҰҚЫМДАСЫ : CUCURBITACEAE – АСҚАБАҚ

ТУЫСЫ: CUCURBITOIDEAE - АСҚАБАҚ

ТУРІ: CUCUMIS SATIVUS - ҚИЯР

Сипаттамасы: Қияр - асқабақ тұқымдасына жататын бір жылдық көкөніс дақылы. Жарық, ылғалды және жылы жерлерде жақсы өседі. Суыққа төзімсіз. Сабағы жатаған не өрмелегіш, бес қырлы, ұзындығы 1,5 м-дей. Жапырағы кезектесіп орналасқан, ұзын сағақты, түкті. Гүлі сары, дара жынысты. Жемісі — қияр. Қиярды үзіп алысымен де, кейін тұздалған күйінде де жеуге болады.

Таралуы: Қияр мәдениетке 6000 жыл бұрын енген. Оның Отаны – Үндістанның тропикалық аймағы және Қытай. Бүгінгі күнге дейін осы аймақтарда қияр табиғи жағдайда өсіріледі. Қазақстанның барлық аймақтарынды және жылыжайларда өсіріледі.

Қолданылуы: Қиярдың дәрілік қасиеттері адамға ежелгі заманнан мәлім. Мысалға, 17 ғасырда жазылған «Прохладный Ветроград» атты орыс кітабында қиярдың шырыны өте пайдалы деп айтылған. Қияр шырынын судың орнына ішуге болады деп айтылған. Терінің күйген немесе зақымдалған жерін қиярды қою арқылы емдеген. Косметика саласында да қияр үлкен орын алған.

Сілтеме: <https://kk.wikipedia.org/>

Нуриева Айнұр





БӨЛІМІ: ГҮЛДІ ӨСІМДІКТЕР-MAGNOLIOPHYTA
КЛАСС: ҚОС ЖАРНАҚТЫЛАР-DICOTYLEDONEAE
ҚАТАР: ROSALES
ТҰҚЫМДАС: РАУШАНГҮДІЛЕР-ROSACEAE
ТУЫСЫ: ШАБДАЛЫ-PERSICA
ТҮРІ: КӘДІМГІ ШАБДАЛЫ-P.VULGARIS

Сипаттама: Кәдімгі Шабдалының биіктігі 6 — 8 м, жапырақтары кезектесіп орналасқан. Гүлі қос жынысты, түсі қызғылт, сары немесе ақшылдау. Ол 2 — 3 жылдан бастап 15 — 20 жылға дейін жеміс береді. Жемісі етженді, ішінде сүйегі бар, қышқылтым, шырыны тәтті, құрамында қант, органик. қышқылдар, А, С витаминдері көп. Шабдалының жемісінде 80—90 % су, 6—14% қант (оның 5—10 %-ы сахароза), 0,5—1,2% пектин заттары, 9,4—20 мг%.

Таралуы: Ауа райы жылы аймақтарда Орта Азия республикаларында, Закавказьеде, Қырымда, Дағыстанда, Молдовада, Солтүстік Кавказдың Қара теңіз жағалауында және Қазақстанның оңтүстік облыстарында будандастырылған 50-ден астам сорты өсіріледі.

Қолданылуы: Шабдалы ағашының жемісі пайдалы әрі тәтті. Шабдалы қантқа, органикалық қышқылдарға, ферменттерге, өзектерге, илік, азотты және пектинді заттарға, С, В1, Р, РР дәрумендеріне, каротинге, флавоноидтарға, сонымен қатар минералды заттар мен микроэлементтерге бай. Әсіресе, Қырым шабдалысында В2, өзбек шабдалысында Е дәрумені көп болады. Шабдалы жемісін асқазан аурулары, жүрек ауруы, қан аздық кезінде жеу өте пайдалы. Шабдалыдан тосап, компот, джем жасайды. Шабдалы сүйектерінен «персико» деп аталатын ликер жасайды.

Сілтеме: <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A8%D0%B0%D0%B1%D0%B4%D0%B0%D0%BB%D1%8B>

Утаров Манас





БӨЛІМІ: ГҮЛДІ ӨСІМДІКТЕР-MAGNOLIOPHYTA

ТАБЫ: ГҮЛДІ ӨСІМДІКТЕР-MAGNOLIOPSIDA

САБЫ: РАУШАНГҮЛДІЛЕР-ROSALES

ТҰҚЫМДАСЫ: РАУШАНГҮЛДІЛЕР -ROSACEAE

ТУЫС::ӨРІК-PRUNUS

ТҮРІ:КӘДІМГІ ӨРІК-P. ARMENIACA

Сипаттама: Кәдімгі өрік -биіктігі 3-10 метрге жететін ағаш. Діңгегінің диаметрі 25-30 см-ге жетеді. Жиі бұтақталған, бұтақтары жалаңаш. Жапырақтарының ұзындығы 6-9 см, жалаңаш, кең жұмыртқа және эллипс пішіндес, жиектері майда тісті, сағақтары қою қызыл түсті. Жапырақ жаймай тұрып гүлдейді. Гүлдерінің саны көп, ақ немесе қызғылт түсті. Жемістерінің түстері сарыдан қызылға дейін болады.

Таралуы: Қазақстанның таулы аудандарын теңіз деңгейінен 800-1900м биіктікте өседі. Іле Алатауы, Кіші Алматы өзенінің жағасында, Талғар, Түрен аймақтарында жиі кездеседі. Қазақстан мен Орта Азияда өсіріледі. Қазақстанда Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Алматы облыстарында бір түрі – кәдімгі өрік (*A. vulgaris*) өсіріледі.

Қолданылуы: Қантқа, органикалық қышқылдарға, ферменттерге, өзектерге, илік, азотты және пектинді заттарға, С, В1, Р, РР дәрумендеріне, каротинге, флавоноидтарға, сонымен қатар минералды заттар мен микроэлементтерге бай. Кептірілген кәдімгі өріктің құрамында калий мен қант көп болады. Кәдімгі өрікті жүрек, бүйрек ауырғанда, анемияға, жүйке ауруларына пайдасы бар.

Сілтеме: <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D3%A8%D1%80%D1%96%D0%BA>

Нуралиева Гүлсара





ПАТШАЛЫҒЫ: ӨСІМДІКТЕР – PLANTAE

БӨЛІМІ: ГҮЛДІ ӨСІМДІКТЕР - ANGIOSPERMS

КЛАССЫ: ҚОС ЖАРНАҚТЫЛАР - MAGNOLIOPSIDA

ТҰҚЫМДАСЫ: РУТАЛАР - RUTACEAE

ТУЫСЫ: ЦИТРУС – CITRUS

ТҮРІ: CITRUS RETICULATE - МАНДАРИН

Өсімдікке сипаттама. Мандарин - жемістің бір түрі. Мандарин (*Citrus reticulata*) — руталар тұқымдасына жататын мәңгі жасыл аласа ағаш. Шыққан жері Үндіқытай, Қытай, Жапония. 1805 жылдан Еуропа елдеріне жерсіндіріле бастады. Қытай, Испания, Мексика, Жапония, т.б.

елдердің субтропиктік және тропиктік аудандарында өсіріледі. Биіктігі 2 — 3 м, діңгегінің бұтақтары тармақталып өседі. Сабақтары жасыл. Жапырағы жұмыртқа пішінді сопақшалау келеді. Басқа цитрустарға қарағанда жапырағының сабағы жіңішкелеу және ол ең тез пісетін әрі көп жеміс беретін ағаш. Мамыр — шілде айларында гүлдейді. Гүлі ақ түсті, майда.

Таралуы: Отаны Қытай атауы да қытайлардан келген. Португалдар қытай феодал, чиновниктерді Мандарин деп атаған екен. Ал осы жеміске тек Мандариндер ғана ие болған. Кейбір елдерде Танжерин деп аталады екен, сондықтан бұл жемістің кейбір гибридтері танжело (мандарин x грейпфрут), тангор (мандарин x апельсин), деп аталады. Сатусума - шемешкісіз мандарин сорты.

Сілтеме: k.wikipedia.org

Әбихан Лаура





БӨЛІМ: ЖАБЫК ТҰҚЫМДЫЛАР – MAGNOLIOPHINA

КЛАС: ҚОС ЖАРНАҚТЫЛАР – DICOTYLEDONEAE

ҚАТАР: РОЗИДТЕР – ROSALES

ТҰҚЫМДАСЫ: РАУШАНГҮЛДІЛЕР – ROSACEAE

ТУЫС: ШИЕ – PRUNUS SUBGEN

ТҮРІ: КӘДІМГІ ШИЕ – CERASUS

Сипаттама: Шие – раушангүлділер тұқымдасына жататын ағаш және бұта тәрізді өсімдік. Гүлі ақ, кейде қызғылт. Етженді, шырынды, сүйекті жеміс. Шиенің жемісінде 7,3 – 17,5 % қант, 0,8 – 2,4 % органикалық заттар, 0,88% илік заттар мен витаминдер болады. Шие құнарлы, саздақ топырақта жақсы өсіріледі. Жапырақтары жалпақтау келген ұзын, ұштары сүйір, жиектері ара тісті. Сәуір - мамыр айларында гүлдейді, маусым – шілде айында жеміс береді. Шие ағашы 30 жылдай өмір сүреді. Отырғызғаннан кейін 3 – 4 жылда жеміс бере бастайды. Бір ағаш 100 кг – нан астам жеміс береді. Шие желсіз, күн көзі мол түсетін жерде жақсы өседі.

Таралуы: Отаны – солтүстік Парсы жері мен Қара теңіз жағалауы. Солтүстік Қазақстан Қостанай, Ақмола, Қарағанды, Павлодар, Шығыс Қазақстан обылыстарында өсіріледі.

Қолданылуы: Шие – қантқа, органикалық қышқылдарға, ферменттерге, илік, азотты және пектинді заттарға С, В. РР дәруменлеріне, каротинге сонымен қатар минералдар мен кальций темір, фосфор, магний, калий мен микроэлементтерге бай әсіресе мыстың мөлшері көп. Шиені медицинада гемоглобинді көтеру, қан тоқтату, суық тигенде ыстықты басуға, іш тоқтатуға, қан аздыққа, жүйке ауруларына, бронхитта жөтел мен қақырық шығаруға қолданылады.

Сілтеме: «Маңғыстау өсімдіктер каталогы» Ақтау, 2006 30-32 бет.

Ишакаева Диана





БӨЛІМ: ДАРА ЖАРНАҚТЫЛАР - MONOCOTYLEDONEAE

ҚАТАР: РОЗИТТЕР - ROSALES

ТҰҚЫМДАСЫ: РАУШАНГҮЛДІЛЕР - ROSACEAE

ТУЫС: АЛМА - MALUS

ТҮРІ: ҚАРА АЛМА – MALUS KIRGHISORUM

Сипаты: Қара алма немесе Қырғыз алмасы (*Malus kirghisorum*) – алманың бір түрі. Биіктігі 8 – 10 м-дей, діңінің жуандығы 50-65 см, қабығы сұр түсті. Өркендері ұзын, жіңішке тікенексіз болады. Жапырақтары ірі, ұзындығы 5 – 10 см, ені 5 – 6 см, шеті иректелген, сабаққа кезектесіп орналасады. Гүл шатыр тәрізді топталған қос жынысты, ақшыл не қызғылт түсті. Жемісі сағағы қысқа болады. Жемісі – 5 ұялы, 1 – 2 тұқымды, ұзындығы 3 – 8 см, ақшыл, сары, жасыл не қызыл түсті, жеуге жарамды. Жемісінде 10 – 12%-дай қант болады. Бір ағаштан алынатын орташа өнім 50 кг-ға дейін жетеді. Жемісі – 5 ұялы, 1 – 2 тұқымды, ұзындығы 3 – 8 см, ақшыл, сары, жасыл не қызыл түсті, жеуге жарамды. Жемісінде 10 – 12%-дай қант болады. Бір ағаштан алынатын орташа өнім 50 кг-ға дейін жетеді. Ерте тікпе көшетерінен отырғызғаннан кейін 3 – 5 жылда өнім бере бастайды. Қара Алма тамыр атпа сабақтары арқылы көбейеді, сондай-ақ жас өркендері де тамырлана алады

Таралуы: Қара Алма Тянь-Шань, Жетісу, Ілі Алатауларында, 1400-1800, кейде 2000 м биіктікке дейін жаңғақ, үйеңкі және шетен ормандарында өседі.

Қолданылуы: Қара Алманы – әсемдік үшін саябақта, көшеге қолданда егеді

Сілтеме: Қазақ ССР-ның Қызыл кітабы «Жоғалып кету қауіпі бар сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарлар» (2бөлім/өсімдіктер). – Алматы: Қайнар, 1981 Қазақстан Энциклопедиясы

Аманжолова Сымбат





БӨЛІМІ: ГҮЛДІ ӨСІМДІКТЕР - ANGIOSPERMS

КЛАСС: ҚОСЖАРНАҚТЫЛАР - MAGNOLIOPSIDA

ОТРЯД: ДӘНДІ ДАҚЫЛДАР - POALES

ТҰҚЫМДАСЫ: АСТЫҚ - POACEAE

ТУЫСЫ: БЕТЕГЕ - FESTUCA

ТҮРІ: СУ БЕТЕГЕСІ - FESTUCA PRATENSIS

Сипаттамасы: Су бетегесі (*Festuca pratensis*) - биіктігі 30-100 см, сирек түпті өсімдік. Олардың гүлшоғыры селдір, кейде тығыз сыпыртқы гүлді. Масақ гүлі үш немесе көп гүлді болады. Сабағында жапырағы сирек орналасқан, ұзынша, жылтыр болып келеді. Гүлдегенге дейін оның құрамында протеин (17%), белок (15%), май (23%), клетчатка (8%) көп болады.

Таралуы: Қазақстанда 20 түрі бар, жиі кездесетін түрлері кәдімгі бетеге, су бетегесі.

Жабайы түрде Ертіс, Есіл, Тобыл, Жайық өзендерінің шалғынды алқаптарында өседі.

Қолданылуы: Су бетегесі-суыққа, қуаңшылыққа төзімді, құнарлы мал азықтық шөп.

Сілтеме: А.Қ.Құсайынов. – Алматы: «Мектеп» баспасы» ЖАҚ, 2002 жыл. 456 бет.





ДУНИЕСІ:ӨСІМДІКТЕР - PLANTAE

БӨЛІМІ:ГҮЛДІӨСІМДІКТЕР - MAGNOLIOPHYTA

КЛАССЫ:ҚОСЖАРНАҚТЫЛАР - MAGNOLIOPSIDA

ТҰҚЫМДАСЫ:ЖҮЗІМ ТҰҚЫМДАСЫ – VITACEAE

ТЕГІ:ЖҮЗІМ – VITIS

ТҮРІ:ЖАБАЙЫ ЖҮЗІМ –VITIS VINIFERA

Сипаттамасы *Жабайы жүзім (Vitis vinifera)* — жүзім тұқымдасына жататын, ағаштанып қатайып кеткен көп жылдық шырмауық. Биікт. 20 — 30 м. Тамыры тереңге жайылады. Жапырақтары дөңгеленіп келген, жиектері тілімденген, кезектесіп орналасады. Сабағының ұшындағы ширатылған мұртшаларымен басқа өсімдіктерге шырмалып өседі. өсақ гүлдері қос жынысты, қалың сыпыртқыгүл гүлшоғырына топталған. Ж. ж. тұқымынан және вегетативтік (өсімді) жолмен көбейеді.

Таралуы Қаратау жотасында (Боралдай тауы, Бозторғай қонысы, Бөген, Көкбұлақ, Қиыршықты өзендері алабында), Талас Алатауының сілемдерінде және Іле Алатауының батысында кездеседі.

Қолданылуы Ж. ж-нің шипалық және емдік маңызы зор. Оның құрамында А1, В1, В2, РР витаминдері бар. Ж. ж. — өте сирек кездесетін өсімдік болғандықтан қорғауға алынып, Қазақстанның “Қызыл кітабына” енгізілген.

Сілтеме 1.Жетісу энциклопедия. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2004 жыл. — 712 бет + 48 бет түрлі түсті суретті жапсырма. ISBN 9965-17-134-3





БӨЛІМІ: ЖАБЫҚ ТҰҚЫМДЫЛАР-MAGNOLIOPHYTO

КЛАСЫ: ҚОС ЖАРНАҚТЫЛАР-MAGNOLIOPSIDA

ТҰҚЫМДАСЫ: АСҚАБАҚ ТҰҚЫМДАСЫ-CUCURBITACEAE

ТУЫСЫ: ҚИЯР-CUCUMIS

ТҮРІ: КӘДІМГІ ҚИЯР-CUCUMIS SATIVUS

Сипаттамасы: Сабағы түкті, мұртшалары арқылы шырмалып өседі, биіктігі 1-2 метрге дейін барады. Жемісі – жеуге жарамды, тұқымы көп, шырынды және түсі жасыл болып келеді. Түріне байланысты көлемі әртүрлі болады. Кәдімгі қияр мәдениетке 6000 жыл бұрын енген. Оның Отаны – Үндістанның тропикалық аймағы және Қытай. Бүгінгі күнге дейін осы аймақтарда қияр табиғи жағдайда өсіріледі.

Таралуы: Қазақстанның оңтүстік облыстарында, әсіресе Арыс, Кентау аудандарында өсіріледі.

Қолданылуы: Кәдімгі қиярдың дәрілік қасиеттері адамға ежелгі заманнан мәлім. Мысалға, XVII ғасырда жазылған «Прохладный ветроград» атты орыс кітабында қиярдың шырыны өте пайдалы деп айтылған. Кәдімгі қияр шырынын судың орнына ішуге болады деп айтылған.

Сілтеме: Құлжабаева Г.Ә.; «Өсімдіктер әлемі» оқу-әдістемелік кешені, Жемістер: Дидактикалық материал. - Алматы, 2011. - 16 б.





БӨЛІМІ: ANGIOSPERMS-ЖАБЫҚ ТҰҚЫМДЫ
КЛАСС: MAGNOLIOPSIDA-ҚОС ЖАРНАҚТЫ
ТҰҚЫМДАСЫ: ROSACEAE-РАУШАНГҮЛДІЛЕР
ТУЫСЫ: PRUNUS-ҚАРА ӨРІК
ТҮРІ: PRUNUS DOMESTICA-ҮЙ ҚАРА ӨРІГІ

Сипаттамасы: Үй қара өрігі (*Armeniaca dasycarpa*) — жемісінің түсі қара-көк немесе қара-күрең, дәмі қышқылдау болады. Қара өрік — биіктігі 5—12 м, құрамында 17%- дай қант, 0,4—1,4% органикалық қышқыл, каротин, С витамині бар, жемісі сүйекті. Жеуге жарамды, жемісінен тосап, джем, повидло, шырынсу, маринад дайындалады, ал дәнінің құрамында 30%-ға дейін май бар.

Таралуы: Барлық жерде дерлік өседі. Оның солтүстік жартышардың қоңыр салқын ендігінде 32 түрі, ал КСРО-да 7 түрі — шомырт, алша, үй өрігі, уссурийлік, Симон өрігі, үйеңкі өрігі, Қазақстанда жабайы 4 түрі (оның бәрі қолдан отырғызылады) кездеседі. Өнеркәсіптік ең маңыздылары — үй өрігі немесе кәдімгі өрік.

Қолданылуы: Жеуге жарамды, жемісінен тосап, джем, повидло, шырынсу, маринад дайындалады, ал дәнінің құрамында 30%-ға дейін май бар. Жемісінен шарап алынады.

Сілтемесі: <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D3%A8%D1%80%>

Қалыбаев Алихан





БӨЛІМІ: ГҮЛДІ ӨСІМДІКТЕР- MAGNOLIPHYTA

КЛАСЫ: ҚОС ЖАРНАҚТЫЛАР- MAGNOLIOPSIDA

ТҰҚЫМДАСЫ: АСҚАБАҚ ТҰҚЫМДАСЫ - CUCURBITACEAE

ТУЫСЫ: ҚЫЗАНАҚ - SOLANUM LECOPERSICUM

ТҮРІ: КӘДІМГІ ҚЫЗАНАҚ-T.ESCULENTUM

Сипаттама: Кәдімгі қызанақ , помидор (лат. *T.esculentum*) – алқалар тұқымдасына жататын бір және көп жылдық шөптесін өсімдіктер (кейде жартылай бұта). Сабағының биіктігі 30 — 40 см-ден жоғары. Жапырағы қауырсын тәрізді. Гүлінің түсі сары, жемісі — екі не көп ұялы жидек, пішіні әртүрлі. Салмағы 25 — 500 г, кейде 800 — 900 г-ға дейін жетеді. Қызыл, сарғыш жемісінің құрамында 4,5 — 8,1% құрғақ зат, 3,5 — 8,5% органикалық қышқыл, минералдық тұздар, С витамині, В, РР тобының витаминдері, каротин бар.

Қолданылуы: Қызанақ адам организміне пайдалы витаминдерге бай, құрамында қышқыл, каротин бар. Ересек адамдарда жиі кездестін көк тамыр қуысының тығындалып қабынуы (тромбофлебит) мен көк тамырдың кеңеюін (варикоз) емдеуде әсері зор. Сонымен қатар, қызанақ пен оның шырынын төменгі қышқылдықты, гастритті емдеуге пайдаланады. Қантты диабетке және семіздікке шалдыққан науқастар үшін томат құнды тағам. Сапасы жақсы, тұзы аз немесе мүлде жоқ томат шырынының құрамында ликопин бар. Ол организмді зиянды ісік ауруларының талшықтарынан қорғайды. Қызанақ шырыны семіздікке жол бермейді.

Сілтеме: <http://www.google.kz/https://kk.m.wiki>





БӨЛІМІ: ГҮЛДІ ӨСІМДІКТЕР- MAGNOLIPHYTA
КЛАСЫ: ҚОС ЖАРНАҚТЫЛАР- MAGNOLIOPSIDA
ТҰҚЫМДАСЫ: АМАРИЛЛИСТЕР-ALLIUM СЕРА
ТУЫСЫ: УРГИНЕЯ -URGINEA
ТҮРІ: ПИЯЗ-СЕРА

Сипаттама: Пияз -(лат. Allium sera) – амариллистер тұқымдасы, жуа туысының ең көп тараған түрі. Шыққан жері — Орталық Азия және Ауғанстан. Пияз өсіріп алынатын бадана тегіс, ұзын немесе домалақ пішінде болады, қысқа сабақтан және оған тығыз, біріне-бірі қысыла орналасқан етті қабыршақтан тұрады. Қабыршақтың жоғары бөлігі жұқа, жалған сабақ құрайды. Сыртқы қабыршақтары бірте-бірте өледі де, жамылғыға айналады. Олар сары, қоңыр, қызғылт-көгілдір, ал кейде ақ түсті болады. Пияздың жапырақтары етті қабыршақтың жалғасы сияқты..

Қолданылуы:Құрамындағы эфир майының мөлшеріне, дәмінің ащылығына қарай пияздың сорттарын 3 топқа — ащы, жартылай ащы және тәтті деп бөледі. Ащы сорттарында құрғақ заттың, қанттың және эфир майының мөлшері көбірек болады. Пиязды ауыспалы егісте көкөніс және егіс танабынан кейін отырғызып, жапырақтары сарғайған кезде жинайды. Шабындықта және жайылымдарда пияз отырғызбаған абзал, өйткені пияз мал сүтінің дәмін өзгертіп, жағымсыз дәм береді. Пияз ежелден бағалы дәрілік өсімдік деп саналған. Ол ас қорытуды жақсартады, асқазан шырынының бөлінуін күшейтеді. Пиязға эфир майы ерекше иіс береді. Одан басқа пияз бен сарымсақта фитонцид бар, ол ауру қоздыратын бактериялардың өсуін тежейтін ұшпа зат.

Сілтеме:<http://www.google> «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9, VII том

